



201\_\_жылғы \_\_\_\_\_

Астана, Үкімет Үйі

от «\_\_» \_\_\_\_\_ 201\_\_года

№ \_\_\_\_\_

№ \_\_\_\_\_

№ исх: 20-11/368 от: 24.02.2017

Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
«Нұр Отан» партиясы  
фракциясының  
депутаттарына

2017 жылғы 1 ақпандағы № ДС-27 хатқа

**Құрметті депутаттар!**

Сіздердің Зейнетақы (жеке) істерінің макеттерін қағаз жеткізгіште қалыптастыру және оларды сақтау мерзімдеріне қатысты 2017 жылғы 1 ақпанда Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің отырысында жарияланған депутаттық сауалдарыңызға келесіні хабарлаймын.

*Қағаз жеткізгіште құжаттар макетін қалыптастыруға қатысты*

Қазақстан Республикасында зейнетақылар мен жәрдемақыларды тағайындау процесі қазіргі кезеңде толық автоматтандырылмаған. Осылайша, зейнетақылар мен жәрдемақыларды тағайындау туралы өтінішті электрондық цифрлық қолтаңба емес, өз қолы қойылған қағаз жеткізгіште өтініш берушілер өздері ұсынады.

Өтінішке қажетті құжаттар тізбесі қоса беріледі, олардың қалған бөлігі тек қағаз жеткізгіште ұсынылады.

Мәселен, жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындайтын кезде ұйымдардың, архив мекемелерінің жұмыс фактісін және кезеңдерін растау туралы анықтамалары, жұмыс кезеңдеріндегі табысы туралы жұмыс берушінің анықтамасы (оның ішінде ТМД елдерінде берілген), диплом болмаған жағдайда оқуда болған кезең туралы анықтама және басқалар түпнұсқада ұсынылады.

Азаматтардың жекелеген санаттарына мемлекеттік арнайы жәрдемақы тағайындау прокуратура органдары берген ақталу, әскери ұрыс қимылдарына қатысқаны (қорғаныс органдары береді) фактісін растайтын анықтама (құжаттар) және т. б. негізінде жүзеге асырылады.

Мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы тағайындау үшін әскери қызметшілерден Орталық әскери-дәрігерлік комиссия шешімінің, госпиталь берген ауруы туралы куәліктің немесе әскери-дәрігерлік комиссия қорытындысының және өзге де құжаттардың түпнұсқасын ұсыну талап етіледі.

Аталған құжаттарда қамтылған мәліметтерді қазіргі уақытта «электрондық үкімет» шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінен алу мүмкін болмай отыр.

Осылайша, қағаз жеткізгіштегі макеттен бас тарту үшін зейнетақылар мен жәрдемақыларды тағайындауға арналған электрондық цифрлық қолтаңбамен бекітілген (қол қойылған) электрондық құжаттарды ұсынатын мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерін толық интеграциялау қажет.

Бұдан басқа, зейнеткерлер тұрғылықты жерін ауыстырған кезде (Қазақстан Республикасының шегінен тыс) зейнетақы (жеке) ісінің қағаз нұсқасы жаңа тұрғылықты жеріне жіберіледі.

Айтылғандарды ескере отырып, қазіргі уақытта зейнетақы істерінің қағаз макетін қалыптастырудан бас тарту ертелеу деп санаймыз.

*Қолданыстағы және архивтен алып тасталған істерді сақтауға қатысты*

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2008 жылғы 31 желтоқсандағы № 322-п бұйрығына сәйкес зейнетақы істерін және мемлекеттік жәрдемақыларды алушылардың жеке істерін сақтау мерзімі **10 жылды** құрайды.

Қазіргі уақытта Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, Мәдениет және спорт министрліктері ағымдағы жылдың соңына дейін Орталық сараптау-тексеру комиссиясы қарайтын («Ұлттық архив қоры және архивтер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы) архивтік зейнетақы (жеке) істерін сақтау мерзімін қысқарту туралы мәселені пысықтауда.

**Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі**

**Б. Сағынтаев**